**"Ішкі істер органдарындағы уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы"**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 ақпанда № 16389 болып тіркелді.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидалары бекітілсін.

2. "Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 маусымдағы № 385 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1883 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде" жарияланған, 2003 ж., №16, 844-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті ( И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы

туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*
*полиция генерал-полковнигі* *Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 5 ақпандағы
№ 95 бұйрығымен
бекітілген

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ УАҚЫТША ҰСТАУ ИЗОЛЯТОРЛАРЫНЫҢ ІШКІ ТӘРТІПТЕМЕ ҚАҒИДАЛАРЫ

### 1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларындағы ішкі тәртіптеме қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау режимін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Режим күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау тәртібі мен шарттарын, олардың құқықтарын, олардың өз міндеттерін орындауын, оларды оқшаулауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) көзделген міндеттердің орындалуын қамтиды. Қағидалардың талабтарын уақытша ұстау изоляторларының қызметкерлері, онда ұсталатын адамдар, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторына келетін өзге де адамдар сақтайды.

2. Уақытша ұстау изоляторына:

1) күзетпен ұстау орындарындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлар тәуліктің кез келген уақытында бөгетсіз - қызметтік куәлігін көрсеткен кезде;

2) ішкі істер органының күдіктілер мен айыптаушыларды күзету жөніндегі қызметінің ұйымдастырылуын және өткерілуін инспектірлеуді бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар, күзетпен ұстау орындарының полиция қызметкерлері - қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде;

3) кезекші жасақшаның қызмет атқаруын тексеру үшін басқа қызметтердің қызметкерлері – жоғары тұрған ішкі істер органының бастығы берген арнайы ұйғарымды көрсеткен кезде;

4) прокурорлар, тергеушілер және анықтауды жүргізуші адамдар уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне және тек процестік іс-әрекеттері жүргізу үшін - қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде;

5) криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа және экстремизмге қарсы күрес қызметкерлері - қызметтік куәліктерін және өндірісінде қылмыстық іс бар адамның жазбаша рұқсатын көрсеткен кезде - уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне;

6) қорғаушылар уақытша ұстау изоляторларының тергеу кабинеттеріне -қорғау ( өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, адвокаттың куәлігі мен жеке куәлігін көрсеткен кезде;

7) белгіленген тәртіпте ұсталған күдіктілермен және айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған басқа да адамдар тек кездесулерге арналған бөлмеге - тиісті рұқсатты және жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде;

8) медициналық көмекке зәру адамға көмек көрсетуге келген медициналық қызметкерлер - нарядты көрсеткен кезде және уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшінің (кезекші көмекшісінің) немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының еріп жүруімен - ауру адамға;

9) күзетпен ұстау орындарын санитарлық қадағалауды жүзеге асыратын немесе уақытша ұстау изоляторына эпидемияға қарсы жұмыстар жүргізу үшін келген денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері - арнайы ұйғарымды көрсеткен кезде - уақытша ұстау изоляторының барлық үй-жайларына уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшінің (кезекші көмекшісінің) немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының еріп жүруімен;

10) ішкі істер органдарының қызметі мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшелері қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін - жеке куәлігін көрсеткеннен кейін;

11) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін құрамы кемінде екі адамнан тұратын қоғамдық бақылау комиссиясының мүшелері - жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кейін;

12) алдын ала болуын жүзеге асыру үшін ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар – Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл берген оның алдын ала болуға өкілеттілігін растайтын ұлттық алдын алу тетігіне қатысушысының куәлігін көрсеткеннен кейін өткізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Уақытша ұстау изоляторына қарумен келген прокурорлар, тергеушілер және анықтауды жүргізетін адамдар каруларын ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсырады. Осы тәртіп уақытша ұстау изоляторының режимдік үй-жайларына кіруге рұқсат алған құқық қорғау органдарының басқа да лауазымды адамдарының бәріне қолданылады.

**2-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және камералар бойынша орналастыру**

4. Уақытша ұстау изоляторына жеткізілетін адамдарды қабылдаудың негіздерін тексеретін уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшісі тәулік бойы қабылдайды, жеткізілгендерден жауап алады, олардың жауаптарын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауды деген күдік бойынша ұстау хаттамасындағы, қаулыдағы, сот үкіміндегі және басқа да құжаттардағы деректермен салыстырады, уақытша ұстау изоляторында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу журналына тіркейді.

5. Күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторында қабылдау және ұстау үшін негіз:

1) анықтаушы немесе тергеуші ҚР ҚПК 131-бабының тәртібінде толтырған ұстау хаттамасы; оған: жеке тінту хаттамасы(еркін түрінде толтырылған), прокурорға (ҚР ҚПК 131-бабы) және күдіктінің туыстарына (ҚР ҚПК 135-бабы) жіберілетін хабарлама, медициналық куәландыру қорытындысы (ҚР ҚПК 223-бабы) (анықтаушы толтырған ұстау хаттамасын анықтау органының бастығы бекітеді);

2) ҚР ҚПК 147-бабының тәртібінде соттың күдіктіге (айыпталушыға, сотталушыға) қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулысы;

3) ҚР ҚПК 150-бабының тәртібінде күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдап алынған күдіктінің немесе айыпталушыны ткүзетпен ұстау орындарында ұстау туралы ҚР ҚПК берілген өкілеттік шегінде прокурор немесе тергеу судьясы немесе сот бекіткен сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адамның қаулысы;

4) ҚР ҚПК 513-бабында көзделген тәртіпте адамға қатысты шығарылған мамандандырылған медициналық мекемелерге орналастыру туралы тергеуді жүзеге асыратын органның қолдаухатын қанағаттандыру туралы тергеу судьясының қаулысы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар оларды жасаған адамдардың қолымен куәландырылады және тиісті мекеменің елтаңбалы мөрімен бекітіледі. Соттардың уақытша ұстау изоляторына күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдап алу туралы үкімдерінен (үйғарымдар, қаулылар) үзінділер ұсынылған жағдайларда, оларда осы бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған адамдардың толық деректері көрсетіледі және көрсетілген деректемелер (қолы, мөрі) болады.

Ұстау хаттамасына оны толтырған адам және күдікті мен оның қорғаушысы (оның қатусыумен) қол қояды.

6. Ұстау хаттамалары, күзетпен ұстау туралы қаулылар және басқа да тиісті құжаттар Қазақстан Республикасы ҚПК және "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарын бұза отырып ресімделген адамды ұстау үшін уақытша ұстау изоляторына қабылданбайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау мерзімі ҚР ҚПК анықталады.

8. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар сот үкіміне сәйкес бас бостандығынан айыру орындарына жіберу үшін тергеу изоляторларына ауыстырылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандар басқа қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу үшін прокурор бекіткен қаулының негізінде уақытша ұстау изоляторында уақытша қалдыруға жол беріледі.

9. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларды орындайтын мекемелерде жазасын өтеуші сотталғандар:

1) сот қаулысы бойынша істі қарау кезінде - істің сотта қаралуына байланысты;

2) прокурор санкциялаған қаулының негізінде басқа адам жасаған қылмыс туралы тергеу әрекеттерінің жүргізілуіне байланысты уақытша ұстау изоляторында ұстауға жол беріледі.

10. Тасымалданушы күдіктілер, айыпталушылар елтаңбалы мөрмен расталған жеке іс бойынша анықтаманың және тізімнің негізінде уақытша ұстау изоляторына қабылданады және онда ұсталады.

11. Күдікті және айыпталушы әйелдерге үш жасқа дейінгі балаларын жақын туыстарына беру мүмкін болмаған жағдайда оларды уақытша ұстау изоляторында өздерімен бірге алуына жол беріледі. Балалары бар әйелдерді қабылдау үшін туу туралы куәлік немесе баланың кімдікі екенін растайтын өзге де құжаттар, ал мұндай құжаттар болмаған кезде - анықтау жүргізген лауазымды адамның, тергеушінің, прокурордың немесе осы іс өндірісінде болған соттың жазбаша нұсқауы негіз болып табылады.

Жүкті әйелдер, асырауында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер жеке оқшауланған неғұрлым жарық және құрғақ камераларға орналастырылады. Камералар бір ярусты төсек орындарымен жабдықталады.

12. Уақытша ұстау изоляторына адамдар тобы жеткізілген кезде олар жеке тінтуді жүргізу бөлмелерінде жабдықталған кабиналарға (бокстарға) екі сағаттан аспайтын мерзімге орналастырылады.

Тексеру кезінде уақытша ұстау изоляторының кезекшісі (фельдшері) күдіктілер мен айыпталушылардан денсаулық жағдайы туралы жауап алады. Уақытша ұстау изоляторының кезекшісі (фельдшері) денсаулық жағдайына шағымдар айтылған және аурудың айқын белгілері болған жағдайда жедел медициналық көмек шақырады.

Кезекші күдіктілерде дене жарақаттары және денсаулығына зиян келудің айқын белгілері болған кезде олардың пайда болу себептерін анықтайды, уақытша ұстау изоляторының бастығына, ішкі істер органының бастығына жазбаша түрде баяндайды, оларға күзетпен ұстаудағы адамдарға қарсы жасалған заң бұзушылық фактілерін жасырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады және жауап береді.

13. Уақытша ұстау изоляторына орналастырылған адамдарды медициналық-санитариялық қамтамасыз ету Заңның 23-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.09.2023 № 673 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жаңадан келіп түскен күдіктілер мен айыпталушыларға жеке тінту, жауап алу, санитарлық өңдеу жүргізілгеннен кейін, уақытша ұстау изоляторының кезекшісі оларды карантиннен өтуі үшін карантиндік камераларға орналастырады.

15. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдіктілер мен айыпталушылар карантин камераларында болған кезеңінде осы Қағидалармен танысады, белгіленген міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілігі туралы ескертіледі.

16. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары:

1) Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарына сәйкес күдіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе бір адамдық камераларда ұсталады;

2) күдіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге бір адамдық камераларға орналастыруға уақытша ұстау изоляторы бастығының прокурор санкциялаған дәлелді ұйғарымы (еркін нысанда толтырылады) бойынша жол беріледі. Мынадай жағдайларда күдіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге бір адамдық камераларға орналастыруға прокурордың санкциясы талап етілмейді:

Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің басқадай мүмкіндігі болмаған кезде;

күдіктінің немесе айыпталушының не басқа да күдіктілер мен айыпталушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

күдікті мен айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша өтініші болған кезде;

күдіктілер мен айыпталушыларды, егер олар күндіз жалпы камераларда ұсталған болса, бір адамдық камераларға орналастыру кезінде;

3) күдіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда және өзге үй-жайларда отырғандармен сөйлесулеріне, қандай да бір нәрселерді беруіне және хат алмасуларына жол берілмейді;

4) күдіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, оларға қандай да бір нәрселер беруі және хат алмасуы Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторынан тыс жерлерге орналастыру кезінде оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сақталады.

18. Күдіктілер мен айыпталушыларды мұндай мақсаттарға арнайы бейімделмеген үй-жайларға орналастыруға жол берілмейді. Оларды камераларға орналастыру жеке басының және психологиялық сәйкестігін есепке ала отырып, жүргізіледі. Темекі шегетіндер темекі шекпейтіндерден мүмкіндігінше бөлек орналастырылады.

Күдіктілер мен айыпталушыларды, сондай-ақ сотталғандарды камераларға орналастыру кезінде мынадай талаптар міндетті түрде сақталуы тиіс:

1) еркектер мен әйелдер;

кәмелетке толмағандар ұсталатын камералардағы тәртіп бұзушылықтардың алдын алу үшін қылмыстық жауапқа алғаш рет тартылған оң сипатталатын ересектерді ұстау қажет болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандар мен ересектер;

қылмыстық жауапкершілікке алғаш рет тартылғандар мен бұған дейін бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған адамдар;

оларға қатысты үкімдер заңды күшіне енген сотталғандар күдіктілер мен айыпталушылардан;

бір қылмыстық іс бойынша немесе бір-бірімен байланысты бірнеше істер бойынша күдіктілер мен айыпталушылар бөлек ұсталады;

2) аса ауыр және ауыр қылмыстар жасауда күдіктілер мен айыпталушылар;

аса қауіпті қылмыстарды қайта жасалған кезде сотталғандар;

өлім жазасына кесілгендер;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, оларды басқа күдіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұстау жағдайлары болған кезде;

әділет органдарының судьялары, адвокаттары, қызметкерлері, ішкі істер органдарының, прокуратураның, кеден органдарының қызметкерлері, арнайы мемлекеттік органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полициясы мен тәртіптік бөлімдерінің әскери қызметшілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтер, мемлекеттік кіріс органдарының қызметкерлері болып табылатын немесе болған адамдар;

күзетпен ұстау орны әкімшілігі бастығының шешімі бойынша не өндірісінде осы қылмыстық іс бар органның немесе адамның жазбаша шешімі бойынша өмірі мен денсаулығына басқа күдіктілер мен айыпталушылар тарапынан қауіп төнген күдіктілер мен айыпталушылар;

инфекциялық аурулармен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімді және бақылауды қажет ететін ауру адамдар басқа күдіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

19. Күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау режимі осы Қағидаларды сақтаумен, уақытша ұстау изоляторындағы өткізу режимін жүзеге асырумен, күдіктілер мен айыпталушыларды үздіксіз бақылайтын арнайы жабдықталған және сенімді оқшауланған камераларда ұстаумен, олардың айдауылдаусыз жүріп-тұруына тыйым салумен, тексерулер, жеке тінту және заттарын тексеру жүйесімен, содай-ақ ҚР ҚПК көзделген міндеттерді орындаумен қамтамасыз етіледі.

Режим талаптарын бұзатын адамдарға осы Қағидалардың 120-тармағында көзделген шаралар қолданылады.

20. Осы Қағидалар күдіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторындағы және оған іргелес аумақтардағы белгіленген шекаралар шегіндегі барлық қозғалыстары кезінде сақталады.

21. Күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлқын үздіксіз бақылауды жүзеге асыру үшін камераларға жарық қараңғы түскен сәттен бастап толық жарықтанған кезге дейін беріледі.

22. Күдіктілер мен айыпталушыларды таңғы тексеру және оларды әжетханаға шығару әрбір камера бойынша бөлек ауысатын және қызметке кірісетін екі кезекші нарядтың күшімен және ішкі істер органдары басшыларының немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының бақылауымен және қадағалауымен жүргізіледі. Таңғы және кешкі тексеру барлық камераларды аралап шығудан, күдіктілер мен айыпталушылардың түгелдігін тексеруден, оларды жеке тінтуден, заттарын тексеруден, шағымдары жайлы сұраудан, камералардың техникалық жай-күйін қарау мен тексеруден тұрады.

23. Камераларды тазалауды және едендерді жууды күдіктілер мен айыпталушылар жүзеге асырады. Күдіктілер мен айыпталушыларды өздеріне қызмет көрсетумен байланысты емес басқа шаруашылық жұмыстарға пайдалануға жол берілмейді.

24. Камера есіктерін уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекші (кезекшінің көмекшісі), уақытша ұстау изоляторының бастығы міндетті түрде камералар жанындағы кезекшінің немесе шығарушының қатысуымен аша алады. Барынша толған уақытша ұстау изоляторда камералардың кілттері уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшінің көмекшісіне тапсыруға жол беріледі.

Камераларға барлық қызметкерлердің бір уақытта кіруіне және өзімен бірге кілттерді алып жүруіне жол берілмейді.

25. Күдіктілер мен айыпталушылар:

1) уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне;

2) кездесу бөлмелеріне;

3) серуендеу ауласына;

4) уақытша ұстау изоляторының санөткізгішіне санитарлық өңдеуге;
5) медициналық қызметкерге;
6) әжетханаға (камераларда санитарлық тораптар болмаған кезде);
7) айдауылдауға беру үшін;
8) уақытша ұстау изоляторының үй-жайларын тазалау үшін;
9) толық тінту жүргізу үшін ғана камералардан шығарылады.

26. Түнгі уақытта (жергілікті уақыт бойынша сағат 22.00-ден 6.00-ге дейін) камераларды ашуға аса қажет болған, ал күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығаруға олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген, сондай-ақ шұғыл медициналық көмек көрсету үшін, денсаулыққа елеулі зиянды болдырмау немесе өмірге төнген қауіпті жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда жол беріледі.

Түнгі уақытта камераларды ашу және олардан күдіктілер мен айыпталушыларды шығару кезінде уақытша ұстау изоляторынан қашу немесе күзетке шабуыл жасау мүмкіндіктерін болдырмайтын ерекше сақтық шаралары қолданады.

27. Серуенге, әжетханаға, санитарлық өңдеуге және уақытша ұстау изоляторының үй-жайларын тазалауға шығарған кезде күдіктілер мен айыпталушыларға оларды шығару мақсаттары туралы хабарланады. Қалған басқа жағдайлардың бәрінде камералардан шығару мақсаты хабарланбайды, тек күдіктінің немесе айыпталушының қалай киінуі және оның қандай жеке заттарын алуға болатыны көрсетіледі.

Күдіктілер мен айыпталушыларға, олардың туыстарына, жақындары мен таныстарына алдағы уақытта уақытша ұстау изоляторынан жөнелтілетіндері немесе босатылатындары туралы ескерту уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің міндеттеріне кірмейді.

28. Күдіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторының ішінде немесе серуен ауласында жүріп-тұруы (топтасып немесе жеке) тек белгіленген бағыттар бойынша және тек шығарушының (шығарушылардың) айдап алып жүруімен жүргізіледі.

29. Күдікті мен айыпталушыны камерадан шығарған кезде бір шығарушы есікте қырынан тұрады, қалғандары дәлізді бойлай орналасады. Күдіктілер мен айыпталушылар дәлізге жеке-жеке шығарылады және қозғалыс бағытына қарай бір немесе екі қатардан сап түзейді.

30. Барлық қозғалыс бағыты бойынша шығарушылар күдіктілер мен айыпталушылардың қолдарын арттарына ұстап жүруін, тыныштық сақтауын, бір қатардан екінші қатарға өтпеуін, темекі тартпауын, камералар жанынан өткенде көру саңылауларын және есік желдеткіштерін ашпауын, еш нәрсе лақтырмауын, тоқтамауын , дәліз және баспалдақ алаңдарындағы қабырғаларға жазу жазбауларын қадағалайды.

31. Ерекше қауіпті қылмыскерлерді және қашуға немесе полиция қызметкерлеріне шабуыл жасауға бейім адамдарды алып жүру үшін әрбір 2-5 күдікті мен айыпталушыға

2-5 шығарушы, әрбір 6-10 күдікті мен айыпталушыға 6-10 шығарушы тағайындалады. Қажет болған жағдайларда бір күдіктіні немесе айыпталушыны алып жүруді 2 шығарушы жүргізеді.

32. Бір күдіктіні немесе айыпталушыны бір шығарушы алып жүрген кезде шығарушы айдауылдағы адамның соңында және екі қадам аралықта еріп жүреді.

Бұрылыстарда шығарушы күдіктілер мен айыпталушыларды бұрышқа екі қадам қалған кезде тоқтатады, содан соң өтетін жолдың бос екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастырады.

Күзетілмейтін есікке жақындаған кезде шығарушы күдіктіні есікке бес қадам қалған кезде тоқтатып, өзі есікті ашады және өтетін жолдың бос екенін көріп оны өткізеді, есікті жабады және оның соңынан қозғалуды жалғастырады. Күдікті мен айыпталушыны серуендеу ауласына шығарған кезде де осы тәртіп сақталады.

Күдіктілер мен айыпталушыларды екі немесе одан да көп шығарушы алып жүрген кезде олардың бірі алдында, қалғаны айдауылданушылардың соңында жүреді.

Күдіктілер мен айыпталушыларды камералардан тергеу кабинетіне шығару үшін прокурордың, тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның жазбаша талабы негіз болып табылады, бұл туралы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды камералардан шығаруды тіркеу журналына белгі қойылады.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жауап алу, жедел-тергеу әрекеттері мен кездесу жүргізу үшін күдіктіні немесе айыпталушыны шығару талабы бір адамға толтырылады, міндетті түрде ішкі істер органының кеңсесінде тіркеледі, күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторынан тыс жерлерге шығаруға арналған рұқсатқа ішкі істер органының бастығы қол қояды.

Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін уақытша ұстау изоляторының үй-жайларынан ішкі істер органдарының қызметтік кабинеттеріне тиісті талапсыз шығаруға жол берілмейді.

33. Күдіктілер мен айыпталушыларды камералардан уақытша ұстау изоляторының санөткізгішіне шығаруды санитарлық өңдеу өткізу күндері уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшінің көмекшісі, шығарушылар немесе бекет кезекшісі жүзеге асырады, олар күдіктілер мен айыпталушыларды камералардан санөткізгішке және кері алып жүруді, сондай-ақ санитарлық өңдеу кезінде оларды бақылдауды қамтамасыз етеді.

## 3-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, дактилоскопияға, суретке түсіру, сондай-ақ олардың заттарын тексеру

34. Уақытша ұстау изоляторының үй - жайына жеткізілген адамдар жеке тінтуге, дактилоскопиялауға, суретке түсіруге, ал қолда бар заттар-тексеруге жатады. Уақытша ұстау изоляторы жағдайында күдіктілер мен айыпталушыларды дактилоскопиялауды, суретке түсіруді ішкі істер органдарының криминалистикалық қызметтерінің бөлімшелері жүзеге асырады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2024 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-1. Жеке тінту толық және толық емес болады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға толық тінту жүргізіледі:

1) уақытша ұстау изоляторына түскен кезде;

2) УҰИ шегінен тыс жөнелту алдында;

Толық тінту іздеушінің денесін, оның киімін, аяқ киімін, сондай-ақ протездерін мұқият тексерумен бірге жүреді. Күдіктілер мен айыпталушыларға толық шешінуге, дененің тиісті аймақтарын ашуға ұсынылады. Пластырь жапсырмалары, гипс және басқа таңғыштар медицина қызметкерімен бірге тексеріледі. Киімде тігілген заттар табылған кезде мата буға айналады. Аяқ киімнен супинаторлар, металл тұяқтар алынады.

Толық емес тінту күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторы шегінде шығару кезінде (тергеушіге, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуге дейін және кейін, басқа камераға ауыстыру кезінде) жүргізіледі. Толық емес тінту кезінде тінту жүргізілетін адамның киімі мен аяқ киімі оны шешіндірмей қаралады және тексеріледі.

Жеке тінтуді тінтілушімен бір жыныстағы адам жүргізеді.

Күдіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеру олардың қатысуымен уақытша ұстау изоляторына келіп түскен кезде және одан тыс жерлерге жөнелту алдында жүргізіледі.

Заттарды жеке тінту және тексеру кезінде тыйым салынған заттарды, заттар мен тамақ өнімдерін анықтау кезінде техникалық құралдары қолданылуы мүмкін.

Заттарды толық тінту және тексеру аяқталғаннан кейін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады, оған тінту жүргізілген және заттарды тінту мен тексеруді жүргізген адам қол қояды.

Күдіктілер мен айыпталушылардың қол қоюдан бас тартуы және бұл ретте мәлімделген наразылықтар жеке тінту хаттамасында еркін нысанда көрсетіледі.

Толық емес тінту кезінде тыйым салынған заттарды, заттар мен тамақ өнімдерін алып қою туралы баянат (еркін нысанда) жасалады.

Ескерту. Қағидалар 34-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2024 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған бұйымдарды, заттарды және азық-түліктерді алып қою

35. Уақытша ұстау изоляторына қабылданған күдіктілер мен айыпталушылар өздерімен бірге тек осы Қағидаларда рұқсат етілген бұйымдарды, заттарды және азық-түлік өнімдерін қалдыра алады.

36. Күдіктілер мен айыпталушылардың ақшалары, құнды қағаздары мен бағалы заттары (ордендер, медальдар және оларға құжаттар) ішкі істер органының қаржы бөліміне; жеке заттары - уақытша ұстау изоляторының сақтау камерасына сақтауға тапсырылады. Иесі табылмаған құжаттар, құнды қағаздар, хаттар, хат-хабарлар, жазу кітапшалары, фотосуреттер, орден мен медальдар еркін түрде толтырылған акт бойынша анықтаушыға, тергеушіге, сотқа беріледі, олардың көшірмесі күдіктінің немесе айыпталушының жеке ісіне тігіледі.

Ақшалар мен бағалы заттарды қабылдау туралы түбіртектің көшірмесі қол қойғыза отырып, уақытша ұстау изоляторына орналастырылған адамға беріледі, екінші көшірмесі - оның жеке ісіне тігіледі. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына ауыстырған кезде, ордендер, медальдар және оларға құжаттар, сондай-ақ жеке заттары, ақшалары (сәлемдемелер мен бандерольдар пошта арқылы) тергеу изоляторының қаржы бөліміне жіберіледі.

37. Уақытша ұстау изоляторында табылған және иесі анықталмаған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар алынады, ол туралы хаттама толтырылады және сату әрі тиісті бюджет кірісіне алу үшін белгіленген тәртіппен салық органдарына беріледі.

38. Тексеру кезінде өз еркімен тапсырылған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар алынады және осы Қағидаларға сәйкес ұстау орындарында болу кезінде оларды пайдалану және иелік ету құқығынсыз күдіктілер мен айыпталушылар босатылғанға дейін сақталады. Күзетпен ұсталған адам сотталған немесе бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген жағдайда жоғарыда аталған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар тізімдеме бойынша қылмыстық жазасын өтеу мекемелеріне беріледі.

39. Күдіктілер мен айыпталушылардың пайдалануына және сақтауына тыйым салынған заттар, бұйымдар мен азық-түлік өнімдері күзетпен ұстау орнының әкімшілігіне сақтауға беріледі немесе сот шешімі бойынша жойылады. Жою кезінде еркін түрде акт толтырылады.

40. Жеке тінту кезінде алып қойылған, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторында сақтаудағы ақшаларды, қымбат бағалы хзаттарды, құнды қағаздарды, заттар мен азық-түлік өнімдерін күдіктінің немесе айыпталушының өтініші және қылмыстық істі жүргізуші адамның не органның келісімі бойынша күдіктінің немесе айыпталушының туыстарына немесе өзге адамдарға беруге жол беріледі.

41. Күдікті немесе айыпталушы қайтыс болған жағдайда, сақтаудағы оған тиесілі ақшалар, құндылықтар, басқа бұйымдар, заттар және азық-түлік өнімдері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне беріледі.

**5-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету**

42. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушыларға гигиена, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін жағдай жасайды. Камераның санитарлық алаң нормасы бір адамға кемінде 2,5 шаршы метр есебінен белгіленеді.

43. Уақытша ұстау изоляторында ұсталатындар жеке пайдалану үшін:

1) ұйықтау орнымен;

2) төсек жабдықтарымен: матрац, жастық, көрпе;

3) төсек орын заттарымен: екі жайма, жастық тыс;

4) тамақ ішетін асханалық ыдыстармен;

5) ұзындығы 50 см аспайтын орамалмен;

6) сабынмен қамтамасыз етіледі.

44. Мүлік уақытша ұстау изоляторларында ұсталу кезеңінде уақытша пайдалануға тегін беріледі. Пайдалануға тізбесі мен саны осы Қағидалардың 153-тармағында белгіленетін өзінің төсек жабдықтарын, сондай-ақ басқа да заттары мен бұйымдарын қабылдауға жол беріледі.

45. Уақытша ұстау изоляторларының камералары:

1) ұйықтау орнымен;

2) үстелмен;

3) санитарлық тораптармен (кәріз болмаған кезде, дәрет алуға арналған ыдыстармен );

4) су құбыры кранымен (су құбырлары болмаған кезде аспалы пластмасса қол жуғыштармен);

5) сырт киімдерін ілуге арналған ілгіштермен;

6) жуынып-шайыну жабдықтарына арналған сөрелермен;

7) ауыз суға арналған шағын бакпен;

8) радиохабар тарату құралдарымен;

9) қоқысқа арналған урнамен жабдықталады.

Күн сайынғы қажеттігіне қарай камераларға қайнаған ауыз су беріледі.

Аптасына бір рет әрбір күдікті мен айыпталушыға ұзақтығы кемінде 15 минут душта шомылу мүмкіндігі беріледі.

Күдіктілер мен айыпталушыларға қырынатын құралдар олардың өтініші бойынша белгіленген уақытта, аптасына екі рет беріледі.

Шағымдар мен өтініштер жазу, сондай-ақ олардың өтініші бойынша жазу құралдары (қағаз, шарикті қалам) беріледі.

46. Әрбір уақытша ұстау изоляторында тамақ ысытуға арналған электр плитасы, су қайнатқыш, шкаф, ыдыс жууға арналған үш ұялы ваннасы (ыдыс) бар бөлме, сондай-ақ төсек жабдықтарын және камераларда сақтауға рұқсат етілмеген жеке заттарын сақтайтын бөлме жабдықталады.

47. Күдіктілер мен айыпталушылар күзетпен ұстау кезінде мемлекетке материалдық залал келтірілген үшін Заңға сәйкес материалдық жауапкершілікке тартылады.

48. Келтірілген материалдық залалды күдіктінің немесе айыпталушының өтініші және олардың келісімі бойынша оның туыстарының немесе басқа да адамдардың өтеуіне жол беріледі.

49. Сотталушыны бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындайтын мекемеге жіберген жағдайда өндіріп алынбаған материалдық залалды сотталушының жеке есепшотына түскен қаражаттың есебінен аталған мекеменің әкімшілігі өндіріп алады.

50. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің кінәсінен күдіктіге немесе айыпталушыға келтірілген материалдық залал Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алынады.

51. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі материалдық залал келтірген кінәлілерді анықтау үшін қызметтік тексеру жүргізеді, оны ішкі істер органының бастығы тағайындайды және залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Тексеру кезінде материалдық жауапкершілік басталатын мән-жайлардың бар-жоғы, залалдың нақты сипаты мен мөлшері не материалдық жауапкершілікке негіздің жоқтығы анықталады.

52. Уақытша ұстау изоляторында ұсталатын күдіктіні немесе айыпталушыны материалдық жауапкершілікке тарту мүліктік зиян (материалдық залал) және осы адамның заңсыз әрекеті анықталған кезде орын алуы мүмкін.

53. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің келтірілген залалды өтеу туралы шешіміне шағымдану залалды өтеуді тоқтату үшін негіз болып табылмайды. Шағым қанағаттандырылған жағдайда, бұрын ұсталған сомасы қайтарылады.

54. Күдікті немесе айыпталушы уақытша ұстау изоляторынан босатылған жағдайда, өтелмеген материалдық залал азаматтық сот өндірісі тәртібімен өтелуі мүмкін. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ішкі істер органы сотқа залалды өтеу туралы талап арыз береді.

55. Материалдық залалды өтеу туралы талап ету арызы 2 данада жауап берушінің тұрғылықты орны бойынша сотқа беріледі. Жауап берушінің тұрғылықты орны белгісіз болған жағдайда, талап ету арызы оның тұрғылықты жеріндегі мүліктері немесе оның белгілі болған соңғы тұрғылықты орны не залал келтірілген орны бойынша көрсетіледі.

56. Талап ету арызына ішкі істер органының бастығы (талап етуші) немесе оның орынбасары қол қояды. Егер арызды сотқа өкілі берсе, арызға өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат қоса беріледі.

Талап ету арызы сотқа жауап берушілердің саны бойынша көшірмелерімен беріледі.

**6-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ бірінші кезекте қажет заттарды және басқа өндірістік тауарларды сатып алуы**

57. Күдіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 448 бұйрығымен бекітілген "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды заттай тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларына" сәйкес тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Күдіктілер мен айыпталушыларға осы Қағидалардың 65-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарды қоспағанда, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша азық-түлік өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіптік тауарларды сатып алу құқығы беріледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2024 № 65 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы осы Қағидалардың 61-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарды қоспағанда, азық түлік өнімдерін, бірінші кезекте қажет заттарды, сондай-ақ басқа да өндірістік тауарларды сатып алуға ниет білдірген күдіктілер мен айыпталушыларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш бланкілері беріледі, ол толтырылғаннан кейін ішкі істер органы қаржы бөлімінің жеке есепшоттағы ақшасы туралы түбіртегімен бірге уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекшіге беріледі. Күдіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторының сатып алу жүктелінген қызметкеріне ішкі істер органы қаржы бөлімінің кассасынан олардың жеке есеп шотындағы қажетті соманы есеп айырысу арқылы алуға сенімхат береді.

Берілген ақшалар аванстық есеп және бұл туралы өтініш жасаған күдіктілер мен айыпталушыларға сатып алынған азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды беруді растайтын құжаттар негізінде есепті адамның есебінен шығарылады. Өтініштің және азық-түлік өнімдерін алғаны туралы қолхаттың негізінде олардың құны күдіктілер мен айыпталушылардың есеп шоттарынан шығарылады.

Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушыларға азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсалған ақшаның сомасы (датасы көрсетіледі) туралы жеке ісінің арнайы парағына белгі жасайды.

**7-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың сәлемдемелерді, сауқаттарды қабылдауы және беруі**

59. Күдіктілер мен айыпталушыларға саны шектеусіз сәлемдемелер мен сауқаттар алуға рұқсат етіледі, олардың салмағы почта қызметі саласындағы заңнамада көзделген

нормадан аспайды. Кәмелетке толмағандар мен ауруларға, ауыр сырқаттар мен ауыратындарға, жүкті әйелдерге, сондай-ақ өзімен бірге үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге берілетін сәлемдемелердің салмағына шектеу қойылмайды.

Сәлемдемелерді қабылдау осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш негізінде жүргізіледі.

Күдіктілер мен айыпталушыларға өзімен бірге алуына жол берілетін азық-түлік өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттар, аяқ киімдер, киімдер және басқа да өндірістік тауарлардың саны мен тізбесі, оларды сақтау, сәлемдемелерді алу және қолмақол ақшасыз есеппен сатып алу, сондай-ақ белгіленген төлеммен оларға қызмет көрсету тізбесі осы Қағидалардың 153-тармағында анықталады.

60. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі дәрігердің қорытындысы бойынша күдіктілер мен айыпталушылар үшін дәрі-дәрмектерді олармен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда ғана қабылдайды.

61. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыс жасау, күзетпен ұстау мақсаттарына бөгет жасау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін бұйымдар, заттар мен азық-түлік өнімдерін күдіктілер мен айыпталушыларға беруге жол берілмейді.

62. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған бұйымдарды, заттарды және азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ осындай кез-келген бұйымдарды, заттарды және азық-түлік өнімдерін тексеруден жасыру немесе белгіленген тәртіпке қарамастан күдіктілер мен айыпталушыларға беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады..

63. Сәлемдемелер тексерілуге жатады, оны құрамында кемінде екі полиция қызметкерінен тұратын комиссия жүзеге асырады. Тыйым салынған заттар табылған еркін түрде акт толтырылады. Онда нақты алынған немесе сақтауға тапсырылған заттар көрсетіледі. Актіге комиссия мүшелері қол қояды, күдіктіге, айыпталушыға қол қойғыза отырып, хабарланады және оның жеке ісіне тіркеледі.

64. Сәлемдемемен келіп түскен, адресатқа беруге болмайтын азық-түлік өнімдері, заттар мен бұйымдар адресаттардың есебінен немесе жіберушінің төлемімен кері қайтарылады.

65. Сәлемдемеден тауып алынған ақшалар күдіктілер мен айыпталушылардың жеке есепшотына осы Қағидалардың 73-тармағына сәйкес, пошта аударымдарын жібергені үшін төленетін тарифтер бойынша өндіріп алу арқылы аударылады.

66. Басқа қылмыстық іс жүргізумен байланысты бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтейтін мекемеден уақытша ұстау изоляторына ауыстырылған сотталғандардың алған сәлемдемелер саны туралы әкімшілік жеке істің арнайы парағына белгі жасайды.

## 8-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттарды, хаттарды, ақша аударымдарын алуы және жөнелтуі

67. Күдіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен басқа да адамдарға айына кемінде екі хат немесе жеделхат жіберуге және алуға рұқсат етіледі. Хат-хабарларды алу мен жіберу күдіктілер мен айыпталушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

68. Күдіктілер мен айыпталушылардың хат алысуы тек уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі арқылы осы қылмыстық істі жүргізетін органның немесе адамның рұқсатымен жүзеге асырылады және осы Қағидалардың 76-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, цензураға тартылады. Цензураны уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі, ал қажет болған жағдайда қылмыстық істі жүргізетін орган немесе адам жүзеге асырады.

69. Жазаны немесе мәжбүрлеп емдеуді орындайтын мекемелерде ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылардың хат алмасуы қылмыстық істі жүргізетін органның немесе адамның рұқсатымен жүзеге асырылады.

70. Күдіктінің немесе айыпталушының атына келген хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жіберуді мереке және демалыс күндерін қоспағанда, хат келіп түскен немесе оны күдіктілерге немесе айыпталушыларға тапсырған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі жүргізеді. Хатты Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне және ресми қолданылатын орыс тілінен кері аудару қажет болған кезде, хатты беру мерзімі аудармаға қажет уақытқа ұзартылуына болады.

71. Күдіктіге немесе айыпталушыға жақын туысының қайтыс болғаны немесе ауыр науқасы туралы мәліметтер оларды алғаннан кейін дереу хабарланады.

72. Күдіктіге немесе айыпталушыға, ол уақытша ұстау изоляторынан кеткеннен кейін келіп түскен хаттар, оларды алған күннен бастап үш күндік мерзімнен кешіктірмей кеткен жері бойынша жіберіледі.

73. Уақытша ұстау изоляторына күдіктілер мен айыпталушыларға келіп түскен ақша аударымдары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың жеке есеп шоттарына аударылады. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен күдіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен өзге де адамдарға өз қаражатынан ақша аударымын жіберуіне жол беріледі.

## 9-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды жолдауы

74. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің өкілдері күн сайын камераларды аралайды және оларда ұсталатындардан ұсыныстар, өтініштер мен шағымдарды жазбаша әрі ауызша нысанда қабылдайды. Ауызша нысанда қабылданған ұсыныстар,

өтініштер мен шағымдар журналға жазылады және оны шешуге жауапты адамға баяндалады. Жазбаша нысанда жазылған және уақытша ұстау изоляторының әкімшілігіне жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар журналға тіркеледі және уақытша ұстау изоляторының бастығына баяндалады, ол оларды шешуге шаралар қабылдайды.

75. Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, бұқаралық ақпарат құралдарына жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі арқылы жолданады.

76. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге, прокурорға және сотқа жолданған ұсыныстар, арыздар мен шағымдар цензураға жатпайды және дереу мөрленген түрде адресатқа жіберіледі.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.09.2023 № 673 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар уақытша ұстау изоляторының әкімшілігінде қаралады және жолданған күннен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жіберіледі.

78. Құпия жазумен, шифрмен орындалған, мемлекеттік немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, сондай-ақ қылмыс жасауға ықпал ететін ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар осы қылмыстық істі жүргізетін адамға немесе органға беріледі.

79. Соттың, анықтау жүргізген адамның, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекетіне және шешіміне шағымдар ҚР ҚПК 101-бабында көзделген тәртіпте дереу жолданады.

80. Ұсыныстарға, өтініштерге, шағымдарға жауаптар күдіктілер мен айыпталушыларға қол қойғыза отырып жарияланады және олардың жеке ісіне тігіледі.

81. Күдіктілер мен айыпталушыларды олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, өтініштер немесе шағымдар жасағаны үшін қудалаудың кез келген нысанына жол берілмейді. Мұндай қудалауға кінәлі уақытша ұстау изоляторының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

82. Апелляциялықтарды қоспағанда ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды жолдау бойынша шығындарды төлеу жіберушінің есебінен жүргізіледі. Күдіктінің немесе айыпталушының жеке есеп шотында ақша болмаған кезде, шығыстар ішкі істер органдары есебінен жүргізіледі.

**10-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың діни жораларды орындауы**

83. Күдіктілер мен айыпталушылар діни жораларды камераларда, ал мүмкіндік болған кезде осы мақсаттарға арнайы жабдықталған уақытша ұстау изоляторының үй-жайларында олар жататын діни конфессиялардың дәстүрлеріне сәйкес орындайды.

84. Тек уақытша ұстау изоляторының ұстау режимін бұзбайтын шараларды орындауға рұқсат беріледі.

85. Күдіктілер мен айыпталушыларға өздерімен бірге діни әдебиеттерді, жеке пайдалану үшін денеге тағатын және қалтаға салып жүретін діни нәрселерді, үшкір және өткір заттардан басқа мәдени және тарихи құндылықты білдіретін қымбат тастардан жасалған бұйымдарды ұстауға және пайдалануға рұқсат беріледі.

86. Күдіктілер мен айыпталушыларға олардың өтініші бойынша және қылмыстық істі жүргізетін адамның немесе органның рұқсатымен рухани көмек көрсету үшін дінге табыну қызметкерлерін тартуға жол беріледі.

## 11-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы

87. Күдіктілер мен айыпталушылар қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен Қағидаларда белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өз өкілдері арқылы немесе тікелей өзі азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға құқылы.

88. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру үшін күдіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 167-бабына сәйкес тергеу изоляторының бастығы куәландыратын, белгіленген нысан бойынша сенімхат жазады.

Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушылардың өтініші бойынша олардың есебінен сенімхат бланкілерімен қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда оны толтыру тәртібін түсіндіреді.

Қылмыстық істі жүргізуші адам немесе орган арқылы оған сенімхат жасалған адамға беріледі немесе жолданады.

Күдіктіден немесе айыпталушыдан сенімхат алғысы келген азаматтар жеке қабылдауда уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің өкіліне өтінішпен жүгінеді не оны пошта арқылы жібереді.

## 12-тарау. Айыпталушылардың газеттерге және журналдарға жазылуын жүргізу

89. Айыпталушыларға Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттерге және журналдарға жазылу құқығы беріледі.

Айыпталушылар жазылуды ресімдеу үшін уақытша ұстау изоляторының бастығына өтінішпен жүгінеді. Жазылуды ресімдеуге ниет білдірген айыпталушыға өз есебінен абонемент және жеткізу карточкасының бланкілері беріледі.

Байланыс бөлімшесінде жазылуды ресімдеуді айыпталушының қаражаты есебінен уақытша ұстау изоляторының қызметкері жүргізеді.

Жазылуды басқа мекенжайға жіберу уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен, жазбаша өтініші бойынша жазылушының есебінен жүзеге асырылады.

Жазылу оның туыстарының немесе өзге де адамдар айыпталушының атына ресімделеді.

Жазылу ресімделетін басылымдардың саны шектелмейді.

## 13-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеуін жүргізу

90. Медицина қызметкерінің босату қағазы бар аурулар серуендеуге шығарылмайды .

91. Жүкті әйелдерге және өзімен бірге балалары бар әйелдерге ұзақтығы үш сағатқа дейін күнделікті серуендеу беріледі.

92. Кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеу ұзақтығы кемінде екі сағат болып белгіленеді. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене шынықтыру жаттығулары және спорттық ойындар үшін мүмкіндік беріледі.

93. Күдіктілер мен айыпталушыларға серуендеуі тәуліктің жарық кездерінде кемінде бір сағатқа ұсынылады.

94. Серуендеу аулалары отыруға арналған орындықтармен және жауыннан қорғайтын қалқалармен жабдықталады.

95. Күдіктілер мен айыпталушыларды серуендеуге шығару уақытша ұстау изоляторының бастығы жасаған кесте бойынша күндізгі уақытта жүзеге асырылады.

96. Бір камерада отырған күдіктілер, айыпталушылар серуендеуге шығарылады, олар маусым бойынша киінеді.

97. Әр түрлі камерада ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларды серуендеуге шығару уақыты ауыспалы кестемен белгіленеді.

98. Соттың өлім жазасы түріндегі ең ауыр жаза тағайындауы көзделетін қылмыстың ауыр түрлерін жасауда күдіктілер мен айыпталушылар кісенмен және айдауылдың күшейтілген құрамымен серуендеуге жеке шығарылады.

99. Серуендеу жүргізу үшін уақытша ұстау изоляторының күзетілетін аумағында арнайы серуендеу ауласы жабдықталады.

100. Қолайсыз метеорологиялық жағдайларға байланысты, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою, жағдайдың күрделенуі кезеңінде және ерекше жағдайлар режимінде уақытша ұстау изоляторы бастығының өкімі бойынша серуендеу қысқартылады немесе тоқтатылады.

Серуендеу уақытында жүріс-тұрыс қағидаларын бұзған күдіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторы бастығының (ол болмағанда - ішкі істер

органы немесе уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің) өкімі бойынша камераға қайтарылады.

## 14-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың қорғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулерін өткізу

101. Ұстаған сәттен бастап күдіктілер мен айыпталушыларға қорғаушымен оңаша жасырын кездесу беріледі. Кездесудің саны мен ұзақтығы шектелмейді. Мыналарға:

1) іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатпен - адвокаттың куәлігі мен қорғау ( өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаны көрсеткен кезде;

2) сот қаулысын, тергеушінің, анықтау жүргізген адамның қаулысын, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде-іске қорғаушы ретінде қатысатын өзге де адамдармен кездесу беріледі.

Ескерту. 101-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Күдіктінің немесе айыпталушының қорғаушымен кездесуі тергеу кабинеттерінде немесе уақытша ұстау изоляторының кездесуге арналған бөлмелерінде жұмыс уақытында, оңаша, бөліп тұратын қалқасыз және олардың саны мен ұзақтығын шектеусіз жүзеге асырылады. Кездесу уақытша ұстау изоляторының қызметкері күдікті немесе айыпталушы мен қорғаушыны көріп тұратындай, бірақ оларды естімейтіндей жағдайда жүргізіледі.

103. Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қылмыстық істі жүргізетін адамның немесе органның жазбаша рұқсатының негізінде күдіктілер мен айыпталушыларға туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуі үшін әрқайсысының ұзақтығы үш сағатқа дейін айына кемінде екі, ал кәмелетке толмағандарға кемінде үш кездесу беріледі.

104. Туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуі уақытша ұстау изоляторы қызметкерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Күдіктілер мен айыпталушыларға қылмыс жасауға ықпал ететін пайдалануға тыйым салынған заттарды, бұйымдарды және азық-түлік өнімдерін не мәліметтерді беруге әрекет еткен жағдайда, кездесу уақытынан бұрын тоқтатылады, оны жүргізуге жауапты қызметкер бұл туралы уақытша ұстау изоляторының бастығына кездесудің тоқтатылу себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде баяндайды.

105. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері ресми өкілдері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмаса, олар өкілдік ететін мемлекеттің шетелдік күдікті немесе айыпталушы адамына келеді.

106. Жұқпалы аурумен (АВТ, ЖҚТБ және туберкулезбен) ауыратындарға кездесудің саны мен ұзақтығы медицина қызметкерімен (дәрігермен) алдын ала

сөйлесуден және ауру жұқтырып алу ықтималдығы туралы жазбаша хабарламадан кейін белгіленген тәртіпте беріледі.

107. Рұқсат тек бір кездесуге жарамды. Онда кімге және қандай адаммен кездесуге берілгені көрсетіледі. Уақытша ұстау изоляторында ұсталатын адаммен кездесуге 16 жасқа дейінгі балаларды есептемегенде, кемінде екі ересек адам жіберіледі.

108. Тиісті негіздер болған кезде кездесу туралы өкімді уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе ішкі істер органының бастығы береді.

109. Кездесу жеке басын куәландыратын құжатсыз келген немесе кездесуге берілген рұқсатта көрсетілмеген адамдарға берілмейді.

110. Кездесу кезіндегі әңгіме айдауылға түсінікті тілде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда аудармашы шақырылады. Кездесуге келгендерге, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторында ұсталушыларға кездесу уақытындағы іс-қимыл тәртібі түсіндіріледі. Оларға бір-біріне қандай да бір нәрселерді, заттарды, құжаттарды берулеріне жол берілмейді. Оларға осы Қағидаларды бұзушылық байқалатын болса, кездесу тоқтатылуы мүмкін екендігі туралы алдын ала ескертіледі.

Кездесу уақытында осы Қағидалар бұзылған жағдайда, айдауыл оларға ескерту жасайды, ал оның талаптары орындалмаған жағдайда, кездесуді тоқтатып, бұл туралы уақытша ұстау изоляторының немесе ішкі істер органының кезекшісіне баяндайды.

111. Күдіктілер мен айыпталушылар кездесу бөлмесіне бір-бірден шығарылады.

112. Карантиндік іс-шараларға немесе жағдайдың күрделенуіне байланысты кездесуге уақытша тыйым салынған жағдайда, уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі бұл туралы прокурорды, тергеу және сот органдарын хабардар етеді.

113. Кездесуге шығарылған күдіктілер мен айыпталушылар кездесу алдында және кездесуден кейін тінтіледі, ал олардың заттары қарап-тексеріледі. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі күзетпен ұсталушыларға кездесудің берілуі туралы оның жеке ісінің арнайы парағына кездесудің күні, кіммен және оған кімнің рұқсат бергендігі туралы белгі жасайды.

## 15-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету

114. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі:

1) істі жүргізетін анықтаушының, тергеушінің, сондай-ақ прокурордың және соттың (судьяның) талап етуі бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдауды, уақытша ұстау изоляторында ұсталатын адамдарды камерадан шығаруды, сондай-ақ жауап алу немесе кез келген уақытта (жергілікті уақытпен сағат 6.00-ден 22.00-ге дейін ), кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда және түнгі уақытта өзге де тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге қатысу үшін полиция айдауылына беруді қамтамасыз етеді;

2) сот өтінімдеріне сәйкес күзетпен ұсталатындарды полиция айдауылдарына ( Ұлттық ұлан қарауылдарына) сот отырыстарына айдауылдау үшін беруді қамтамасыз етеді;

3) соттан айыптау актісін немесе үкімнің көшірмесін алған күні уақытша ұстау изоляторында ұсталатын адам тапсырады, ал қолхатты сотқа ұсынады.

115. Уақытша ұстау изоляторының аумағында тергеу әрекеттерін жүргізу үшін тергеушінің, анықтауды жүргізетін адамның, прокурордың немесе соттың (соттардың) нұсқауы бойынша уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі:

1) үй-жайлар береді;

2) күдіктілерді немесе айыпталушыларды жеткізуге және олардың күзетілуін қамтамасыз етеді;

3) уақытша ұстау изоляторына тергеу әрекеттеріне қатысу үшін өзге де адамдарды өткізуді қамтамасыз етеді.

116. Күдіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторынан тыс жерлерге тергеу әрекеттеріне немесе сот отырыстарына қатысу үшін жөнелтілер алдында ыстық тамақ алады. Олар маусым бойынша киінеді, сыртқы түрі ұқыпты болады. Қажет болған жағдайларда көрсетілген адамдар құрғақ тамақпен қамтамасыз етіледі

117. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысудан босату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерде жүзеге асырылады.

## 16-тарау. Көтертелеу және жазалау шараларын қолдану

118. Күдіктілер мен айыпталушыларға міндеттерді үлгілі орындағаны, күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін сақтағаны үшін мынадай ынталандыру шараларын қолдануға жол беріледі:

1) бұрын берілген жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау;

2) спорттық сабақтарға арналған үй-жайларға қосымша баруға, сондай-ақ кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушыларға ғана бос уақытын өткізудің басқа да нысандарына баруына рұқсат беру.

119. Көтермелеуді уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе оны алмастыратын адам қолданады.

120. Күдіктілер мен айыпталушыларға белгіленген міндеттерді орындамағаны үшін мынадай жазалау шаралары:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) он бес тәулікке дейінгі мерзімге тәртіптік изоляторға жабу;

4) кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушыларды жетпіс екі сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау үй-жайына жабу қолдануға жол беріледі.

121. Күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жаза уақытша ұстау изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының дәлелді қаулысы бойынша салынады.

Кінәліге бір бұзушылық жасағаны үшін бір жаза қолданылады.

122. Жаза заң бұзушылық жасау жағдайлары және күдікті мен айыпталушының мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады. Жаза заң бұзушылық анықталған күннен, ал егер заң бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе, ол аяқталған күннен бастап 10 тәуліктен кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Жаза, әдетте дереу, ал оны дереу қолдану мүмкін болмаған жағдайда - ол салынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

123. Жаза қолданылғанға дейін күдіктіден немесе айыпталушыдан жазбаша түсініктеме алынады, ал түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда тиісті акті еркін түрде жасалады.

124. Ескерту немесе сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша түрде, басқа жазалар жазбаша түрде қолданылады.

125. Күдіктілер мен айыпталушылардың жазаға шағымданып, жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа жүгінуге құқығы бар.

Шағым беру жазаның орындалуын тоқтатпайды.

126. Жүкті әйелдер және өздерімен бірге балалары бар әйелдер тәртіптік изоляторға орналастыруға жатпайды.

127. Күдіктілер мен айыпталушыларды тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға:

1) басқа күдіктілер мен айыпталушыларды ығыстырғаны және балағаттағаны;

2) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың заңды талаптарына бағынбағандығы не оларды балағаттағаны үшін;

3) осы Қағидаларды бірнеше рет бұзғаны;

4) алкоголь ішімдіктерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;

5) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған басқа нәрселерді, заттарды, азық-түлік өнімдерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;

6) құмар ойындарға қатысқаны үшін қамауға жол беріледі.

128. Тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға орналастыру түріндегі жаза бұрын екі немесе одан да көп тәртіптік жазалар қолданылған адамдарға да қолданылады.

129. Тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға қамау осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша ұстау изоляторы бастығының уақытша ұстау изоляторында ұсталатын күдіктіні, айыпталушыны тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға орналастыру туралы қаулысының және медицина қызметкерінің оның тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада болу мүмкіндігі туралы қорытындысының негізінде жүзеге асырылады.

Тәртіптік изоляторға, бір адамдық камераға орналастырылған күдіктілерді немесе айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторы бойынша кезекші осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәртіптік изоляторға, бір адамдық камераға орналастырылған адамдарды есепке алу кітабына тіркейді.

130. Күдіктілер мен айыпталушыларды бір адамдық тәртіптік изоляторда ұстау. Тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға орналастырылғандар жеке ұйықтау орнымен және төсек орын жабдықтарымен тек қана ұйықтайтын уақытқа белгіленген сағаттарда қамтамасыз етіледі. Тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада ұстау кезінде күдіктілер мен айыпталушыларға қорғаушымен кездесуден басқа, хаттар жазысуға, кездесуге, сондай-ақ азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға, хат, сәлемдемелер алуға, үстел ойындарын, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және басқа да әдебиеттерді пайдалануға жол берілмейді. Күдіктілер мен айыпталушыларға сәлемдемелер олардың тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада болу мерзімі аяқталғаннан кейін беріледі. Тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылар ұзақтығы бір сағатқа дейінгі күнделікті серуендеуді пайдаланады.

Тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты заңда көзделмеген өзге де шектеулерге жол берілмейді.

131. Уақытша ұстау изоляторының бастығы тәртіптік изоляторға немесе бір адамдық камераға орналастыруды кейінге шегеруге, ұстау мерзімін қысқартуға не күдіктіні немесе айыпталушыны тәртіптік изолятордан немесе бір адамдық камерадан медициналық көрсеткіштерін есепке ала отырып немесе басқа да негіздер бойынша мерзімінен бұрын босатуға құқығы бар. Кейінге шегеру кезінде жаңадан бұзушылық жасалмаса, жазадан босатылуы мүмкін.

132. Тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада ұсталатындарды анықтаушыға, тергеушіге немесе сотқа шақыру, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторынан уақытша әкету оларды одан әрі жазасын өтеуден босатпайды. Уақытша ұстау изоляторында ұзақтығы бір тәуліктен астам болмаған уақыт тәртіптік изоляторда немесе бір адамдық камерада ұстау мерзімінде есепке алынбайды.

133. Тәртіптік изолятор - жалғыз ұстауға арналған арнайы жабдықталған камера. Оның қабырғалары тегіс сыланған, едені ағаштан жасалған. Есігі түрме құлпы бар камералық типті. Онда бақылау "көзі", тамақ беретін ойық жабдықталады, оның сыртқы жағынан сенімді жабылатын құлып орнатылады.

Тәртіптік изолятордың өлшемі 80х100 см терезесі болуы тиіс. Оның темір торы және сыртқы жағынан тор жалюзиі бар. Терезе ішкі жағынан 5х5 см ұяшықтары бар тормен оқшауланады. Электр шамы есіктің үстінде немесе төбеде орнатылады және темір тормен оқшауланады.

134. Тәртіптік изоляторда:

1) ағаш жатқышы бар темір кереует қабырғаға бекітіледі, ұйқыдан тұрғаннан бастап ұйқыға жатқанға дейін көтеріледі және бекітіп жабылады;

2) еденге немесе қабырғаға бекітілген стол және орындық;

3) санитарлық торап орнатылады.

## 17-тарау. Уақытша ұстау изоляторы бастығының немесе ол уәкілеттік берген адамдардың күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауы

135. Күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе ол уәкілеттік берген адамдар демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын жұмыс уақытында жеке қабылдауды жүзеге асырады.

136. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауды уақытша ұстау изоляторының бастығынан басқа оның орынбасары жүргізеді, қажет болған кезде көрсетілген лауазымды адамдарға күдіктілер мен айыпталушыларды кестеден тыс қосымша жеке қабылдауды жүзеге асыруға жол беріледі.

137. Қабылдау туралы өтініш уақытша ұстау изоляторы бастығының атына жазбаша беріледі немесе ауызша айтылады және күдіктілер мен айыпталушылардың қандай лауазымды адамның қабылдауында болғысы келетінін көрсете отырып, олар берген кезек тәртібімен жеке қабылдау журналына тіркеледі.

## 18-тарау. Уақытша ұстау изоляторында қайтыс болған күдіктілер мен айыпталушылардың мәйіттерін беру

138. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі күдіктінің немесе айыпталушының өлімі туралы ішкі істер органының кезекші бөліміне, оның жақын туыстары мен прокурорға, сондай-ақ қылмыстық істі жүргізетін адамға немесе органға дереу хабар береді. Қайтыс болған адамның денесі патологоанатомиялық зерттеуден кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әрекеттерді жүргізгеннен кейін оны талап еткен адамдарға беріледі.

139. Шетелдік қайтыс болған жағдайда уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі бұл туралы ішкі істер органының кезекші бөліміне, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дереу хабарлайды. Сонымен қатар, күзетпен ұстау орындарында Қазақстан Республикасы заңдарының қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне немесе өкілдігіне жазбаша түрде хабарланады.

140. Мәйіттерді беру талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша қылмыстық істі жүргізетін адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

## 19-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудан босату тәртібі

141. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудан босатуға арналған негіздер:

1) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның қаулысы, сондай-ақ ҚР ҚПК сәйкес шығарылған сот қаулысы;

2) күзетпен ұстау орны әкімшілігі басшысының немесе көрсетілген күдіктіні немесе айыпталушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күзетпен ұстау мерзімінің аяқталуына байланысты прокурордың күзетпен ұстаудан босату туралы қаулысы болып табылады.

142. Күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторынан босатуды соттың тиісті шешімін не тергеушінің, анықтау органының, прокурордың немесе судьяның қаулысын алғаннан кейін уақытша ұстау изоляторының бастығы жүргізеді.

143. Егер ҚР ҚПК 139-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімі аяқталғанға дейін жиырма төрт сағат ішінде күзетпен ұстау орнының бастығына бұлтартпау шарасы ретінде күзетке алынған күдіктіге қамауға алу, әрекетін саралау туралы қаулысы туралы хабарлама келіп түспесе, уақытша ұстау изоляторының бастығы бұл туралы қылмыстық істі жүргізетін органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға хабарлайды. Егер ҚР ҚПК 139-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім аяқталған соң күдіктіге айып тағу немесе бұлтартпау шарасын алып тастау туралы тиісті шешім келіп түспесе, уақытша ұстау изоляторының бастығы оны осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қаулысымен босатады, оның көшірмесін жиырма төрт сағат ішінде қылмыстық істі жүргізетін органға немесе адамға және прокурорға жолдайды.

144. Егер ҚР ҚПК белгіленген ұсталған мерзім ішінде уақытша ұстау изоляторының бастығына күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы сот қаулысы келіп түспесе, уақытша ұстау изоляторының бастығы оны осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің қаулысымен дереу босатады және ол туралы ҚР ҚПК сәйкес іс жүргізуінде іс жатқан адамға және прокурорға хабарлайды.

145. Күзеттен босатылған күдіктілер мен айыпталушыларға жеке құжаттары, заттары, оның есепшотында сақталынған ақшалары, сондай-ақ осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күзетпен ұсталған мерзімі және босату негіздері көрсетілген анықтама беріледі.

146. Күзетпен ұсталатындарды босатуды анықтауды жүргізген адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның тиісті қаулысы не соттың үкімі негізінде уақытша ұстау изоляторының бастығы (кезекші) жүргізеді. Анықтау жүргізген адамның шығарған қаулысын анықтау органының бастығы бекітеді.

147. Сот залынан күзетпен ұстаудан босату соттың үкіміне (ұйғарымына) сәйкес дереу жүргізіледі. Босатылған күдіктіден немесе айыпталушыдан алынған құжаттар, бағалы заттар мен нәрселерді, сондай-ақ оның есепшотындағы ақшаны оған уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі қайтарады.

148. Егер күдікті немесе айыпталушы уақытша ұстау изоляторынан оны босату кезінде ауырып қалса, ол туыстарына тапсырылады немесе денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемесіне жіберіледі.

## 20-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторларындағы жүріс-тұрыс тәртібі

149. Уақытша ұстау изоляторларында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылар:

1) заңмен және осы Қағидалармен белгіленген уақытша ұстау изоляторындағы ұстау тәртібін сақтайды;

2) уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) гигиена және санитария талаптарын сақтайды;

4) өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтайды;

5) уақытша ұстау изоляторының мүліктеріне ұқыпты қарайды;

6) камераларды және уақытша ұстау изоляторларының басқа да үй-жайларын кезекпен жинауды жүргізеді;

7) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлерінің, күдіктілер мен айыпталушылардың қадір-қасиетін түсіретін әрекеттер жасамайды;

8) уақытша ұстау изоляторының қызметкерлеріне, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторында ұстау тәртібін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде кедергі жасамайды;

9) өзінің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қасақана әрекеттер жасамайды;

10) күн сайынғы серуендеуге шығады;

11) заңнамалық актілерде көзделетін өзге де талаптарды сақтайды.

150. Камераларда тәртіп пен тазалықты сақтау үшін күдіктілер мен айыпталушылар арасынан камера бойынша кезекшілік қойылады.

151. Камера кезекшісі:

1) камераға уақытша ұстау изоляторының қызметкелері кірген кезде, оларға онда ұсталатын адамдардың саны туралы хабарлайды;

2) камерадағы жабдықтар мен басқа да мүліктердің сақталуын қадағалайды;

3) ыдыстар алады және оны тапсырады;

4) камерадағы тазалықты сақтайды;

5) табиғи қажеттіліктерге арналған кішкентай бакты жуады және шығарады.

152. Күдіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторында болу кезеңінде құқықтары Заңның 16-бабымен көзделген.

## 21-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылар сақтауға, сәлемдемеде алуға, алдыруға және ақша аудару арқылы алуға болатын азық-түлік, алғашқы қажеттілік заттары, аяқ киім, киімдер және басқа да өндірістік тауарлардың тізбесі және саны

153. Күзетпен ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларға өзімен бірге сақтауға, сәлемдемелермен алуға және ақша аудару арқылы мыналарды сатып алуына жол беріледі:

1) сақтау мерзімі өткен тез бүлінетін және жылытуды талап ететін, сондай-ақ ашытқылар, алкогольдік ішімдіктер мен сырадан басқа, азық-түлік өнімдерін. Азық-түлік өнімдерінің тізбесі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің талабы бойынша шектеледі. Күзетпен ұстауға қамалған адамның өзімен бірге сақтай алатын азық-түлік өнімінің жалпы салмағы 50 килограмнан аспайды;

2) темекі бұйымдары, сіріңке;

3) белбеусіз, иық баусыз және галстуксыз бір жинақтағы киім (оның ішінде белгіленген үлгідегі), сондай-ақ бас киім, маусымға сәйкес аяқ киім (супинаторсыз, метал нәлсіз);

4) бір жинақтағы спорт костюмі немесе әйелдерге арналған үйде киетін халат ( белгіленген үлгідегі киімдерді алған күзетпен ұсталатын адамдардан басқа);

5) іш киімдер;

6) шұлық;

7) шұлықтар мен колготкалар (әйелдерге арналған);

8) қолғап немесе биялай;

9) бет орамал;

10) бөлмеде киетін және спорттық аяқ киімдер (бір жұп);

11) дәретхана бұйымдары (иіс және кір сабындары, сұйық сабын немесе шампун, тіс пастасы, тіс щеткасы, сабын мен тіс щеткаларына арналған пластмасс сауыттар, крем, тарақ);

12) қалта айнасы (камерада айна болмаған кезде), электрлі сақал алғыш немесе механикалық ұстара, бір рет қолдануға арналған қауіпсіз ұстаралар (тек колдану уақытында);

13) киім-кешек қабы немесе сөмке;

14) көзілдірік және көзілдірікті салатын пластмасс сауыттар;

15) бас орамал, рейтуздар, белдіктер, бюстгальтерлер, дәке, шашқа тағатын бұйымдар, мақта, гигиеналық және косметикалық бұйымдар, пластмасс бигудилер ( әйелдерге арналған);

16) балдақтар, ағаш таяқтар, протездер (дәрігердің рұқсаты бойынша);

17) жөке немесе жұмсақ ысқыш;

18) шарикті қалам, оның стержені (қара, күлгін, көк түсті), жай қарындаш;

19) хат жазу үшін қағаздар, оқушы дәптерлері, пошта конверттері, открыткалар, пошта маркалары;

20) дәретхана қағазы;

21) қалтада алып жүретін немесе тағатын діни бұйымдар;

22) бір жиынтық төсек жабдықтары (екі жайма және жастық тыс), орамал;

23) көркем және өзге де әдебиеттер, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторы кітапханасының мерзімді басылымдары не оның әкімшілігі арқылы сауда желілерінен сатып алынған басылымдар;

24) фотосурет екеуден көп емес;

25) үстел ойындары (дойбы, шахмат, домино, нарды);

26) балалар күтіміне арналған заттар (дәрігердің тағайындауы бойынша өзімен бірге үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге);

27) дәрігердің тағайындауы бойынша дәрі-дәрмектер.

Санамаланған заттардан басқа күзетпен ұсталатын адамдарға қылмыстық іске жататын не олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты құжаттар мен жазбаларды, сондай-ақ пошта жөнелтімінің бланктерін, сақтауға тапсырылған ақша, құнды заттар, құжаттар және басқа да заттар түбіршектерін өзімен бірге алуына жол беріледі.

Осы Тізбеде көзделмеген заттар мен бұйымдарға тыйым салынған болып саналады.

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Бекітемін

Бастық ____________________
(атағы, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "___" _________

**Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстау туралы ХАТТАМА ( қылмыстық іске қоса тігіледі)**

20___ жылғы "___" ______________ ______________________________

(хаттаманы толтыру уақыты)

1. Елді мекеннің атауы ___________________________________________________________

________________________________________________________________________________

(хаттаманы толтырған адамның лауазымы, атағы, аты-жөні)

Қылмыстық-процестік кодексінің _______ бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық

жасады деген күдікпен ұсталды __________________________________________________

(аты-жөні, туған жері, жылы, күні, айы, жұмыс орны, лауазымы,

________________________________________________________________________________

тұратын жері)

Оны тергеушіге (анықтау органына) жеткізген уақыты немесе анықтау органының не тергеушінің қаулысымен негізінде, ұстау уақыты

20___ жылғы "___" ______________ __________________________________________
________

(хаттаманың толтырылған уақыты)

2. Ұстау негізі (керегінің астын сызу керек):

1) Ол адам қылмыстың үстінде ұсталса немесе қылмыс жасағаннан кейін ұсталса;

2) Куәгерлер, оның ішінде жәбірленушілер, қылмыс жасаған адамға көрсеткенде

немесе ол адамды Қылмыстық-процестік кодекстің 130-бабында көзделген тәртіпте ұстағанда;

3) Күдіктінің үстінде, киімінде, үйінде анық қылмыс іздері анықталғанда;

4) Адамға қатысты жедел-іздестіру қызметі және (немесе) жасырын тергеу

әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол жасаған немесе дайындаған

қылмыс туралы анық деректер болса;

3. Ұстау себебі:

____________________________________________________________________________
________

Күдікті _____________________________________________________________________
__

(жасалған қылмыстың орны, уақыты, тәсілі және өзге де маңызды себептер,

____________________________________________________________________________
________

ұстаған уақытта ол қаншалықты анықталғандығы және осы қылмысты дараландыруға

______________________________ қылмыс жасағанға күдікті екені жарияланады.

жеткілікті ме екендігі көрсетіледі)

Сонымен қатар ________________ айыпталушы мен күдіктінің

(тегі, аты-жөні)

құқықтары түсіндірілді; не үшін айыпталатыны; ұсталған кезде қорғаушы алуға; прокурордан

ұсталудың заңдылығын тексеруді талап ету;

анықтаушы, тергеушінің немесе прокурордың әрекетіне шағымдануға; дәлелдеме, жауап беру;

белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға және лауазымды

адамдарға шағым жазуға; өз киімімен, аяқ киімімен жүруге; басқа қажетті заттарды

пайдалануға, олардың тізбесі ішкі тәртіп қағидаларымен анықталады. Қылмыстық құқық

бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған адамдар Уақытша ұстау изоляторының ішкі

тәртіп қағидаларының талабын сақтауға міндетті.

Ұстау себебі жөнінде _____________________ мынаны түсіндірді:

(тегі, аты жөні)

________________________________________________________________________________________

Хаттамамен таныстым, құқығым түсіндірілді, түсініктеменің

жазылғаны дұрыс __________________

(күдіктінің қолы)

Анықтаушы ______________________________________________________________________

Тергеуші _________________________________________________________________________

Жедел уәкіл ______________________________________________________________________

Күдікті _____________ қорғаушы _________________________________________________

(тегі, аты жөні) қорғаушының аты-жөні немесе адвокаттар

_________________________ болуы туралы хабарлады

алқасының тағайындауымен)

сәттен бастап ______________________________

(күдіктінің қолы)

маған 20___ жылғы "___" _________________ "___" сағат "___"

минутта _________________________________________________________________________

(хабар алған заң кеңесінің атауы немесе қоғамдық ұйымның

______ хабарланды.

атауы)

20____ жылғы "___" __________________ қорғаушы ретінде қатысу үшін

"___" сағат "___" минутта ___________________________________ келді.

(қорғаушының аты-жөні)

_____________________ ұстау туралы хабар 20____ жылғы

"___" ________________ __________________ прокурорға жіберілді.

__________________________________ ұсталғаны туралы таныстырылды.

____________________________________________________________________ ескере отырып

ұсталғанның отбасы хабардар етілген жоқ.

Анықтаушы ______________________________________________________________
________

Тергеуші ________________________________________________________________
_________

------------------------------------------------------------------------------------------------------------
------------

**Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен**
**ұстау туралы № ___ хаттамаға түбіртек**

20___ жыл "___" __________ "___" сағат "___" минут
(хаттаманы жасаған уақыты, күні)

__________________________________________________________________________
________

(хаттама толтырылған елді мекен, орны)

__________________________________________________________________________
________

(хаттаманы толтырушы адамның тегі және атағы, лауазымы)
20___ жылғы "___" __________ "___" сағат "___" минут
Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің ______________________
________

бабына сәйкес ___________________________________________________________
________

(тегі, аты-жөні, туған жылы және күні, орны, жұмыс орны, лауазымы)
қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталды.
Оны тергеушіге жеткізу уақыты (анықтау жүргізуші адамға) немесе нақты ұсталуы

__________________________________________________________________________
________

Ұсталушының жасаған қылмысының күдіктілігі бойынша қылмыс түрі

__________________________________________________________________________
________

(тегі, аты, әкесінің аты, тұжырымдау Қазақстан Республикасының
Қылмыстық кодексі)
Ұстаудың негіздері мен дәлелдері ______________________________________________
_________

____________________________________________________________________
ұсталу туралы
(тегі, аты, әкесінің аты)
хабарлар __________________ 20___ жылғы "___" сағат "___" минутта,
___________________________________ кіріс нөмірімен (қала, аудан) прокурорына
жіберілді.

______________________________________________________________

ұстау туралы

(тегі, аты, әкесінің аты)

ол ______________________________________________________________

________

(туыстық қатынасын, тегін, атын, әкесінің атын көрсету керек)

______________________________________________________________

________

Ұсталушының отбасына хабарланған жоқ, себебі (себебін көрсету)

Ұсталушы қамауға алынды ____________________________________________

________

(күні мен уақыты)

Тергеуші ________________ Анықтаушы ______________

Ұсталушы босатылды ________________________________________________

________

______________________________________________________________

________

(босатылған күні, уақыты, кім босатты)

4. Босату негіздері (керегінің астын сызыңыз):

1) жасалған қылмысқа күдік расталған жоқ;

2) күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шаралары қажеттілігі болмағанда;

3) заңмен белгіленген ұстау мерзімі өтті. __________________________

(босатылатын адамның қолы)

5. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстау туралы № ___ хаттамаға

түбіртек 2 данада жасалады: біріншісі-ұсталушы босатылған жағдайда оның қылмыстық ісіне

қосылады, ал күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шаралары таңдалған кезде-күзетпен

ұсталушының жеке ісіне; екіншісі

- уақытша ұстау изоляторының кезекшісінде сақталады.

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Уақытша ұстау изоляторларында ұсталынатын күдіктілер мен айыпталушыларды есепке алу журналы**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| № р/р | тегі, аты-жөні, туған жылы, азаматтығы | Туға жері | Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға күдіктіні ұстауға негізі болатын ҚР Қылмыстық кодексінің бабы, ұстау күні, уақыты | Күдіктіні ұстаған лауазымды адам, уақытша ұстау изоляторына қамау негіздері | адамды қамауға қабылдаған Уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің (Ішкі істер органының кезекшісінің) тегі, аты-жөні, атағы (күні, уақыты, қолы) | Күдікті, айыпталушы сотталған кімге бекітілген | Кетуінің негізі: босатылуы; Уақытша ұстау изоляторында қамаудағы ға Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 136-бабының 1б. 2б. 142, 150-баптарының негізінде бұлтартпау шарасын өзгерту; Тергеу изоляторына ауыстырылуы (күні, босатқан бұлтартпау шарасын өзгертуші лауазымды адам) | күзетпен ұстаудағының Уақытша ұстау изоляторынан босатушы (сонда жіберген лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты, атағы күні, уақыты, қолы) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларына
3-қосымша

Нысан

## Күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығаруды тіркеу ЖУРНАЛЫ

| р/б № | Күдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты | Шығарудың мақсаты | Камерадан шығару негіздемесі | Жауап алудың, кездесудің тергеу әрекеттерінің, ұзақтығы мен күні | Шығарушы | Күдіктіні айыпталушыны камераға орналастыру туралы кезекшінің қолхаты |
|---|---|---|---|---|---|---|

Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі

тәртіптеме қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Ішкі істер органының бастығына
Уақытша ұстау изоляторының
бастығына

**Күдіктіні, айыпталушыны процестік әрекеттерін жүргізу және кездесу үшін № _____ шығару талабы**

Сізден Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 128 (131)-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасы Қылмысты-процестік кодексінің 139, 147-бабына сәйкес айыпталушыны) ұсталушы

_________________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің қай

бабымен күдікті айыпталады, күні және беру уақыты) беруіңізді сұраймын. Жауап алу, жедел тергеу әрекеттерін, кездесу жүргізу үшін_______________________________________________

(жауап алу, тергеу әрекеттерін, кездесу жүргізу орны, күдіктілерді,

_________________________________________________________________________________

айыпталушыны уақытша ұстау изоляторына нақты уақытта жеткізу)

Кездесуге шақырушы адам (тегі, аты-жөні, лауазымы, куәлігінің №

_________________________________________________________________________________

Сіздің өкіміңізбен айдауыл тағайындалды, құрамында:

1. ______________________________________________________________________________

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

2. ______________________________________________________________________________

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

3.______________________________________________________________________________

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

Айдауылға нұсқама жүргізуші ____________________________________________________

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

Айдауылды арнайы автомобильмен: ______________________________________________

(маркасы, мемлекеттік нөмірі)

қол кісендермен (саны) ____ , табельдік қарулармен (саны) ______

____________________________________________________________________________

(күдікті немесе айыпталушыға жауап беруші қызметкердің лауазымы,

__________________________________ қамтамасыз етеді. атағы, тегі, аты-жөні және қолы)

**Жауап алу, жедел-тергеу әрекеттері мен кездесудің уақыты туралы мәлімет**

20__ жылғы "___" _____________ "___" сағат "___" минутта басталды. "___" сағат "___" минутта аяқталды.

Жауап алуды, жедел-тергеу әрекеттерін жүргізуші адамның немесе қорғаушының қолы

____________________________________________________________________________

Күдіктіні (айыпталушыны) камераға орналастырушы кезекшінің

қолы _______________________________________________________________________

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Күдікті немесе айыпталушыны жеке тінту және киімдерін тексеру ХАТТАМАСЫ**

____________________________________________________________________________

(хаттаманы толтырған адамның лауазымы, атағы, аты-жөні)

20__ жылғы "___" _____________ "___" сағат "___" минут

____________________________________________________________________________

(Уақытша ұстау изоляторының атауы)

орын-жайында _______________________________________________________________

(қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған адамның тегі)

жеке тінту жасады, сондай-ақ оның заттарын тексерді:__________________________

____________________________________________________________________________

(тінтілетін адам киінген киімі мен аяқ киімін атап кету)

**НӘТИЖЕЛЕРІ**

Тінту және тексеру барысында табылған және алынған заттар:

_________________________________________________________________________

(тінту кезінде алынған заттардың, құжаттардың және қымбат бағалы заттардың жеке

белгілерімен тізбесі көрсетіледі, қажет болса орны және оларды табудың өзге жағдайлары

көрсетіледі)

Тінту және тексеру барысында жасалған ескертулер мен өтініштер

_________________________________________________________________________

(тінтілген адамның)

_________________________________________________________________________

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды _________________________________________

(күдіктінің, айыпталушының қолдары)

Тінту және тексеру жүргізген және хаттама жазған адамдар_________

_________________________________________________________________________

Тінту және тексеруде алынған заттар, құжаттар, құнды заттар

_________________________________________________________________________

(не зат екені көрсетілсін)

(қылмыстық іске тігілді, күдіктінің, күзетпен ұсталатын айыпталушының өтініші бойынша

жойылды, туыстарына берілді, сақтауға тапсырылды, қайда тапсырылды, түбіртектің №

көрсетіледі)

_________________________________________________________________________

(хаттаманы толтырған адамның қолы)

Ақшалар мен құнды заттарды сақтауға қабылдап алу түбіртегінің көшірмесін алдым

_________________________________________________________________________

(күдікті немесе айыпталушының қолы)

Тінту мен тексеруде алынған заттарды, құжаттарды, құндылықтарды қабылдап алдым

____________________________________________________________________________________

(не зат екені көрсетілсін)

____________________________________________________________________________________

(күдіктінің немесе айыпталушының қолы)

20___ жылғы "___" ______________

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
6-қосымша

Нысан

______________________________ сотына арызданушы ______________________________

(Ішкі істер органының тұрған жері, өкілдің атауы және мекен жайы)

Жауапкер ____________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, оның мекен жайы)

**Материалдық залалды өндіріп алу туралы**
**ТАЛАП АРЫЗ**

20__ жыл "___" ____________ азамат (ша) ___________________ уақытша

(тегі, аты-жөні)

ұстау изоляторында болған кезде __________ қаласы ________ көшесі, _____ үйде орналасқан

____________________________________________________________________________________

(ішкі істер органының атауы)

уақытша ұстау изоляторына материалдық залал келтірген

____________________________________________________________________________________

(істің мән-жайы)

Осы әрекеттерімен уақытша ұстау изоляторының мүлкіне

___________________________ _______ теңге _______ тиын материалдық залал келтірілді.

(ішкі істер органының атауы)

____________________________________________________________________________________

(материалдық залалды есептеу және оны растаушы айғақтар)

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің __________ бабына сәйкес ______________________________________________________________________________

________

(ішкі істер органының атауы)

азаматтық талап етуші ретінде танылсын.

Жауапкер _______________________________,

(тегі, аты-жөні)

__________ теңге ___________ тиын __________________ сомадағы материалдық залал

_________________________________________ мүддесіне

(ішкі істер органының атауы)

алынсын.

Осы талапты орындау жөнінде шаралар қолданылсын.

_______________________

(қолы)

Қосымша:

1. Талап арыздың көшірмесі _______

2. _______________________________________________________________________

________

(материалдық залалдың мөлшері және бар екені туралы жазбаша және өзге де айғақтар)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Жеке есепшотта № _____ камера

№ _____ түбіртек _____ теңге _____ тиын

_____________________________________

(күдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер ____________

20___жыл "___" __________

**ӨТІНІШ**

Мына азық-түліктерді және алғашқы қажеттілік заттарын алуыңызды сұраймын:

----------------------------------------------------------------------------------------------

| № | Азық-түліктердің немесе заттардың атаулары | Қанша алу қажет | Саны, салмағы | Жіберілді, құны, теңге тиын |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Барлығы: ________________________

Күдікті, айыпталушы өтініште сатып алғысы келетін әрбір
азық-түліктің немесе заттардың атауын көрсетіп, өтінішті толтыру керек.

Күдіктінің, айыпталушының қолы ________________________________________
________

Алғандығы жөніндегі қолхат

Азық-түлік пен алғашқы қажеттілік заттарды мына сомаға
_____________________________________________________________________
________

(жазбаша)

алдым. Осы соманы менің жеке есепшотымнан шығаруыңызды сұраймын.
_____________________________________________________________________
________

(күдіктінің, айыпталушының қолы)

20___ жыл "___" __________

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
8-қосымша

Нысан

**ӨТІНІШ**

Азамат (ша) __________________________________________________________
________

(тегі, аты, әкесінің аты)
_____________________________________________________________________
________

(тұратын жері)
_____________________________________________________________________
________
_____________________________________________________________________
________

(Уақытша ұстау изоляторында ұсталушыға қандай қатысы бар)
_____________________________________________________________________
________

(аты-жөні, тегі) сәлемдеме алуыңызды өтінемін

| **р/б №** | **Азық-түліктің атауы** | **Салмағы** | **Саны** | **Ескерту** |
|---|---|---|---|---|
| | | килограмм/грамм | | |

Өтініш берушінің қолы ____________________________________________________________

20____жылғы "___" _____________

Сәлемдемеге рұқсат берді _______________________________________________________

(қызметкердің аты-жөні, тегі, лауазымы)

Сәлемдемені қабылдады _________________________________________________________

(сәлемдемені қабылдаған қызметкердің қолы)

Сәлемдемені алды _______________________________________________________________

(сәлемдемені алған адамның қолы)

20___ жылғы "___" _____________

Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Ішкі істер органдарының мөртаңбасы

**№ ____ ЕСЕПШОТЫ**

___________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты)

Туған жылы __________________ жеке іс №______________________________________

Органның қаржы бөлімінің бастығы (басшысы) ___________________________________

(қолы)

| Кіріс және қаржыландыру көзі | күдіктінің, айыпталушының, ақшасының шығындалу лимиті | Шығын | Қалдық | Қалдықты растау жөніндегі қолхат |
|---|---|---|---|---|

------------------------------------------------------------------------------------------------------------

_________________

(жеке қолы)

Күдіктінің, айыпталушының

жеке басын және қолын куәландырамын

_____________________________________

Уақытша ұстау изоляторының бастығы

(ішкі істер органы бойынша кезекші)

____________________

(қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
10-қосымша

Нысан

____________________________
(ішкі істер органының атауы)
Уақытша ұстау изоляторының
бастығына

_____________________________________________ есепте тұрған

(анықтаушы, тергеушінің т.б. мәліметтері)

__________________________________________________________________________________

(күдікті немесе айыпталушының тегі, аты-жөні)

__________________________________________________________________________________

(аты-жөні, тегі, туған жылы, тұратын мекен жайы, қызметі)

кездесуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

20___ жылғы "___" _____________ __________________________

(кездесуге рұқсат берген адамның қолы)

Кездесу өткізу туралы белгі (Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі толтырады)

__________________________________________________________________________________

(күдіктінің немесе айыпталушының тегі)

20 жылғы "___" _____________ "___" сағат "___" минуттан "___" сағ. "___" минутқа дейін________________________

(қандай құжат ұсынылды, __________________________________________________

№, берілген күні және кіммен)

___________________________________________________________ кездесуге рұқсат берілді.

(аты-жөні, тегі, туған жылы, тұратын мекен жайы, қызметі)

Бастық (кезекші) __________________________________________________________

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
11-қосымша

Нысан

**Уақытша ұстау изоляторындағы күдіктіні, айыпталушыны тәртіптік изоляторға, бір адамдық камераға жабу туралы ҚАУЛЫ**

Күдікті, айыпталушы ______________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты)

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

("Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау

тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес бір

адамдық камераға жабуға негіз болатын жағдайлар баяндалады)

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Күдікті, айыпталушы ______________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____________________________________________________ бір адамдық камераға жабылсын.

Ішкі істер органы уақытша ұстау изоляторының бастығы _____________________________

(атағы, тегі, қолы)

20__ жылғы "___" __________________

Қаулы маған хабарланды

___________________________________

(күдіктінің немесе айыпталушының қолы)

Қаулыны хабарлаған

___________________________________

(атағы, тегі, қолы)

Тінту жүргізілді ________________________________________________________________

(тінту жүргізген адамның қолы)

Салынған жазаның орындалғаны туралы белгі тәртіптік изоляторға 20 жылғы "___"

_____"___" сағат "___" минутта жабылған.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы (кезекшісі) ______________________________________

(атағы, тегі, қолы)

20___ жылғы "___" ______ "___" сағат "___" минутта бір адамдық камерадан босатылды.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы (кезекшісі) ____________________

(атағы, тегі, қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
12-қосымша
Нысан

## Тәртіптік изоляторға, бір адамдық камераға жабылған адамдарды есепке алу КІТАБЫ

20___ жылғы "___" ___________ басталды

20___ жылғы "___" ___________ аяқталды

Ішкі беті

| **№** | **Тегі, аты, әкесінің аты** | **Туған жылы** | **Жаза салуға негіз болған қаулының күні** | **Қандай режимді бұзды** | **Жазаның түрі және қандай мерзімге бір адамдық камераға жабылады** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Кестенің жалғасы:

| **Тәртіптік изоляторға жабылған уақыты** | **Өтеу мерзімі** | **Жазасын нақты тоқтатқан уақыты** | **Босатуды жүзеге асырған кезекшінің қолы, күні уақыты** |
|---|---|---|---|
| күні, уақыты сағаты, минуты | күні, уақыты сағаты, минуты | күні, уақыты сағаты, минуты | |
| 7 | 8 | 9 | 10 |

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
13-қосымша
Нысан

## Уақытша ұстау изоляторынан босату туралы ҚАУЛЫ

Елді мекен ____________ 20___ жыл "___" ____ "___" сағат "___" минут

Уақытша ұстау изоляторының бастығы ______________________________________________

______________________________________________________________________________

күдіктінің, айыпталушының тегі, аты-жөні, атағы)

_______________________________________________________________________________

________

уақытша ұстау (ішкі істер органының атауы, тегі, аты-жөні, атағы) изоляторында қамауда

ұстау жөніндегі материалдарды қарап _________

Белгіледі:

_______________________________________________________________________________

________

(уақытша ұстау изоляторында ұсталушының аты-жөні, тегі)

уақытша ұстау изоляторында ______________ негізінде ұсталады.

(құжаттың атауы)

Күзетпен ұстау мерзімі __________________ ___________________________ өтті.

(тегі) (күні, уақыты)

Ұстау мерзімінің өтуіне байланысты __________________________________________

________

_______________________________________________________________________________

________

(ішкі істер органының атауы, анықтаушысына, тергеушісіне)

________ № ________________ хабарлама жіберілді.

(күні)

Бірақ күдікті, айыпталушы __________________ босату туралы, немесе оған күзетпен ұстау

мерзімін ұзарту жөнінде қаулы УҰИ-ға келген

Баяндалғанды ескере отырып және "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз

ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 48-бабын басшылыққа ала отырып

**Қаулы етеді:**

_______________________________________ уақытша ұстау изоляторынан

(ішкі істер органдарының атауы)

_______________________________________________________________________________

________

(күдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты) босатылсын.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы ________________________________________

________

Ішкі істер органдары уақытша

ұстау изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Ішкі істер органдарының мөртаңбасы

**АНЫҚТАМА**

______________________________________________________________________________

(аты, әкесінің аты, тегі)

20___ жылғы "___" ______________ 20 жылғы "___" _______ дейін

______________________________________________________________________________

(ішкі істер органының атауы)

уақытша ұстау изоляторында ұсталды.

Босату негіздемесі____________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Уақытша ұстау изоляторының бастығы ______________________________________

________________________________ 20___ жыл "___" __________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК